

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**Мусабаева Г.Н.***(«Заңтану» каф. доценті, з. г.к.)***Қапезова А.Ж.***(Т және ҚФ Ю-08қ тоб. студенті)*

Саясат – бүгінгі қоғамның ең танымал құбылысына айналды. Өйткені, халықтың әлеуметтік тұрмысы, адамдардың қызметі мен өмірінің қай жағын алсаңыз да саясаттың ұтымды не орынсыздығына байланысты екенін мойындауға тура келеді. Тіпті саясатқа ешқандай қатысы жоқ, саясатпен мүлдем айналыспайтын, қызықпайтын адамның өзі де сол саясаттың шарпуынсыз қала алмайды. Сондықтан да өзін мүлде саясат әлемінен аулақ санайтын адамның өзі де билік құзырларында қандай шешімдер қабылданып, нендей заңдар қабылданып жатқанын білгісі келеді. Өйткені ол шешімдердің адамдар өміріне, тұрмысына тікелей қатынасы бар.

XXI ғасыр кез келген мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттарының бірі әлеуметтік саясат болуы керек екенін дәлелдеді. Әсересе, әлемдік қаржылық дағдарыс әрбір елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайына әсер еткені белгілі. Әлеуметтік саясат аясында халықты, оның ішінде көмекке аса мұқтаж адамдар, асыраушысынан айрылған, мүгедек жандар, жетім балаларды әлеуметтік қорғаудың маңызы зор. Қазақстан Республикасы Ата Заңында «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсеткен [1]. Әрине, әлеуметтік мемлекеттің негізгі принципі де әлеуметтік саясатты жүргізіп, негізгі функциясы әлеуметтік қорғау болып табылады. «Әлеуметтік қорғау – бұл мұндай қатынастар, яғни оның қамқорлығында индивидтер қоғамдағы өз позицияларын сақтауға мүмкіндіктері болады. Әлеуметтік қорғау – саяси немесе әлеуметтік одақты сақтау функциясы» [2].

Әлеуметтік саясатты жүргізудің негізгі мынадай принциптері бар: баға көтерілгенде компенсацияның түрлі формаларын енгізіп және индексация жүргізу арқылы халықтың өмір деңгейін қорғау; ең кедей отбасыларға көмектесу; жұмыссыздық жағдайында көмек беру; әлеуметтік сақтандыру саясатын жүзеге асыру; мемлекет есебінен білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғауды дамыту, мамандандыру бағытында белсенді саясат жүргізу. Жалпы әлеуметтік саясатты жүзеге асыру үш кезеңнен тұрады: саясатты қалыптастыру, оны халыққа тарату және оны әр адамның қабылдауы. Әлеуметтік саясатты қалыптастыру процесіне түрлі үкіметтің жасаған бағдарлама, жобалары және парламент, президенттің бекіткен заң, жарлықтарын тікелей жатқызуымызға болады. Ал енді әр адамның әлеуметтік саясатты қабылдауы, ол тікелей екінші кезеңнің жүзеге асуына байланысты өз нәтижесін береді.

Әлеуметтік мемлекеттің негізгі принципі де әлеуметтік саясатты жүргізіп, негізгі функциясы әлеуметтік қорғау болып табылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда елімізде бірқатар бағдарлама, құжаттармен қатар 2001 жылы 27 маусымды «Халықты әлеуметтік қорғаудың концепсиясы» қабылданды. 2008 жылы «Әлеуметтік қызметтер туралы ҚР Заңы» қабылданды.

Қазіргі заманғы әлеуметтік мемлекеттердегі негізгі басымдықтарының бірі әлеуметтік төлемдер төлеу болып табылады. Соның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне құрмет көрсету – парызымыз. Бүгінгі таңда Қазақстан бойынша 14 400

шамасында Ұлы Отан соғысының ардагерлері бар. Биыл Жеңістің 65 жылдығына орай ардагерлерге 65 мың теңге бір жолғы жәрдемақы сәуір айының 30-ына дейін төленеді. Соғысқа қатысушылар мен мүгедектерінің жеңілдікпен жол жүрулері үшін 383 миллион теңге қарастырылған. Сонымен қатар олардың ТМД мемлекеттеріне бір рет пойызбен немесе ұшақпен тегін барып-келуіне; Қазақстан аумағында бір рет пойыз немесе ұшақпен тегін жүруіне; облыс ішінде қатынайтын жолаушы автобустарына төрт рет тегін мінуіне жағдай жасалды. Сонымен қатар ардагерлер мамыр айында қалалық автобустардың, Мәскеу мен Астанаға Жеңіс парадтарына бару үшін темір жол немесе әуе көлігі қызметін тегін пайдаланады. Дегенмен, ҰОС ардагерлеріне әлі де болса толық көрсетілмей келе жатқан тұстарын қамтып өту керек. Мысалы, елімізде ардагерлер әлі де толыққанды дәрі - дәрмекпен қамтамасыз етілмеген. Ауруханаларда тегін емделгенімен, дәріханаларда тек қана 10 пайыз жеңілдік бар, оның өзін толық қолданбайды. Себебі, іздеген дәрі - дәрмегін табу қиын. Осы тұста тек дәрі - дәрмектік терапиямен өмір сүретін мүгедек-ардагерлердің жағдайы қиын. Осы тұста республика көлеміндегі барлық ардагерлерді республикалық немесе жергілікті ауруханаларға тіркеп, оларға қажетті барлық дәрі - дәрмектер тізімін жасап, олармен тегін қамтамасыз ету керек. Ал жалғызбасты соғыс және еңбек ардагерлеріне әлеуметтік көмектер жүргізу. Тыл еңбекқорларына жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Мәселен тыл еңбекқорларына мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінбейді. Ал жергілікті әкімшіліктен биыл Алматы қаласы әкімшілігі 10 мың теңге ғана қаражат берілді екен. ҰОС ардагерінің ең жасы 84-келіп отырған күнде, оларға толыққанды жағдай жасауға мемлекетіміздің әлеуеті жететінін атап өткім келеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалуы Конституциямен кепілдендірілген. Ал әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде тұрақтылық пен қоғамның өсіп-өркендеуі мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын тиімді жүргізуіне тәуелді. Ал Қазақстан ұстанған бүгінгі әлеуметтік саясат халықтың тұрмыс жағдайының артуына әсерін тигізіп отыр.

Н.Ә. Назарбаев – ҚР – ның тәуелсіз сыртқы саясатының негізін қалаушы деп атауға болады. Сексенінші жылдардың аяғында әлемдік саяси ортада бір адамның аты жиі атала бастады, ол бар – жоғы бірнеше айдың ішінде республикада және одан тыс жерлерде үлкен құрметке ие болған, осы замана тудырған тұлға еді. Социалистік экономиканың – бойынан қуат кеткен, ыдырап бара жатқан Кеңес Одағының келешегі тығырыққа тірелген 1990 – 1991 жылдардағы қиын – қыстау кезеңде Қазақ КСР – нің Президенті Н.Ә. Назарбаев екі мәрте «Жыл адамы» атанды, елдің шынайы құрметіне ие болды. Қазақстан басшысының республика қауіпсіздігін қамтамасыз ететін реформаны батыл да тездетіп жүргізуі, елінің азаматтарын алауыздықтан аулақ ұстауға бар күшін салуы миллиондаған адамдар алдында оның беделін арттырды, құрмет сезіміне бөледі [3].

Қазақстан бірте – бірте саяси беделін арттырып жатқан жаңа аймақтық саяси ойыншы, қазіргі замандағы әлемдік саясаттың маңызды қатысушысы болды. Жас мемлекет қысқа ғана тарихи уақытта, өз тәуелсіздігінің жиырма жылында әсерлі нәтижелерге қол жеткізді: кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктен тыс халықтарға және әлемдік сахнада сыртқы саяси субъектілікке өзін мойындатты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған саяси стратегияларды жүйелі жүзеге асыру барысында осы мақсаттарға қол жеткізілді.

1990 – шы жылдардың басында мемлекет нарықтық өзгерістер жолына сенімді қадам басып, өзін толыққанды, жауапты және сенімді әріптес ретінде көрсетіп, мемлекеттердің өркениетті қоғамдастығының ажырамас бөлігіне айналды. Батыстық және шығыстық мемлекеттердің Қазақстанға стратегиялық әріптес ретіндегі қызығушылығы жас та болса, өршіл мұраттарға ие мемлекеттің экономикалық және

саяси жетістіктеріне пропорционалды түрде өсіп келеді. Сергей Бирюковтың пікірінше, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы жетістіктері субъектті – тұлғалық және объективті факторлармен айқындалады. Дегенмен, олардың ішінде «Назарбаев факторы» басты орын алып отыр. Негізінде, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы жетістіктері – ойластырылған көпвекторлы сыртқы саясатты жүргізіп отырған ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей еңбегі [4].

Мысалы, Қазақстанның энергетикалық бағыттардың қиылысындағы географиялық жағдайының өзін, оның мұнай мен газ қорлары секілді, объективті сыртқы саясаттағы құндылыққа жатқызуға болады.

Бұл факторлар төрткүл дүниедегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің ірі ойыншы ретіндегі рөлін бірдей айқындайды. Бірақ әлем Қазақстанның ураны мен көмірсутектеріне ғана көз тігіп отырған жоқ, сонымен қатар, оның мемлекеттік жетістіктеріне де қызығып отыр, бүгінгі таңда мемлекет кейбір мемлекеттерге азаматтық соғыс төніп тұрған, ал кейбіреулері «failed state» критерийіне жатқызуға әбден лайықты едәуір тұрақсыз аймақта Қазақстан нағыз тұрақтылықтың аралы болып отыр. Ұлт көшбасшысы Президент Н.Ә. Назарбаев құрып жатқан саяси жүйе бір жағынан тұрақтылықпен, ал екінші жағынан базалық демократиялық құндылықтармен және саяси – құқықтық тетіктермен сипатталса, бұл әлемдік қоғамдастық тарапынан оған деген сенімді бекіте түседі.

Қазақстанның халықаралық ықпалы мен беделі тек заманауи объективті геосаяси факторлармен ғана анықталмайтынын көріп отырмыз. Мемлекеттің сыртқы саясаттағы жетістіктерінде субъективті факторлар да, ең беделді әлемдік саясаткерлердің бірі ретінде Президент Н.Ә. Назарбаевтың бірегей тұлғасының көлемі де шешуші атқарды. Өздеріңіз қараңыздар – мемлекет пен оның ұлт көшбасшысы, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үнемі оның ТМД, Орталық Азия және ЕС бойынша әріптестеріне қатысты бірқатар стратегиялық бастамаларды көтеріп, сөз сөйлейді.

Бүгінде Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты басымдықтарын нақ осы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев анықтайды, оның ішінен мыналарды атап шығуға болады:

1. Сыртқы саясат тетіктері арқылы ұлттық басымдықтарды жүзеге асыруға сатылып ұмтылу;

2. Сыртқы саясатты қазақстандық мемлекет пен қоғамды модернизациялаудың тиімді құралы ретінде пайдалану, сыртқы және ішкі стратегиялардың тығыз байланысы;

3. Сыртқы саясаттағы мәселелерді шешу барысында Қазақстанға ауқымды дағдарыстар мен дау – дамайларды болдырмай, өз позицияларын табысты қорғауға жол беретін икемді мәмілелік стратегияны пайдалану;

4. Басты әлемдік «ортылық күштермен» – АҚШ, ЕО, Ресеймен және ТМД елдерімен, Қытаймен және Азия – Тынық мұхиты экономикалық қауымдастығының мемлекеттерімен теңгерімді және тепе – теңдік қарым – қатынастарды қолдауға ұмтылу.

5. Елдің сыртқы саясатында еуропалық және азиялық векторларды үйлесімді сәйкестендіруге ұмтылу;

6. Халықаралық қатынастарда серіктестік пен диалогқа, толеранттылыққа, мәселелерді шешуге және бейбіт өмір сүруді нығайтуға ұмтылу;

7. Заманауи жаһандық үндеулерге жауап қайтаруға дайындық, Еуропа мен Азия мемлекеттері арасындағы қарым – қатынастарда геосаяси теңдестіруші мен үйлестіруші рөлін жүзеге асыруға ұмтылу, замандағы аймақтық мәселелерді шешу барысында кооператор рөлін атқаруға дайындық [5].

Қазақстан басшысының өз мемлекетінің сыртқы саясатының басты мазмұнын былайша сипаттайды: «Біздің басты мақсатымыз батыс әлемінде орнаған демократия мен бостандықтың құндылықтарын толық дәрежеде қабылдау үшін тәуелсіздігімізді нығайтуда, халқымыздың өмір сүру деңгейін арттыруда және өркениеттік әлеммен кезең – кезеңмен жақындасуда жатыр». Бұл мақсатты жүзеге асыру дәстүрлі дос Ресеймен әріптестік және одақтастық қарым– қатынастардан ауытқуды білдірмейді, алайда, Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясын, әуел бастан қарастырылғандай, жаңа түр мен сапаға аударады: «біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз қалады – 21 ғасырдағы үндеулерге қарама – қарсы тұра алатын және ұзақмерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге мақсат еткен белсенді, жан – жақты теңгерімді сыртқы саясат. Ресеймен, Қытаймен, АҚШ – пен, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту басымдықты бағыттар болып табылады. Азия мен Таяу Шығыс мемлекеттерімен өзара іс – қимылға үлкен мән беріледі».

Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекеттің қазіргі заманғы және тиімді сыртқы саясатын құрудағы мемлекет басшысы ретінде сөзсіз жетістіктерін айта келе, бүгінгі таңда әлемнің Қазақстан жетекшісінің ядролық қарусыздануға, азиялық қауіпсіздік жүйесін құруға, интеграцияның дамуына және әлемдік экономикалық тәртіпті қайта құруға қосқан зор үлесін мойындап, құрметтейтінін ерекше атап өту керек. Халықаралық өмірдегі резонансты жағдай Нұрсылтан Назарбаевтың ядролық қаруды иеленуден бас тартып, Қазақстанда ядролық қарусыз ел мәртебесін беру туралы тарихи шешім болды. «Бұл – бейбітшіліктің пайдасына жасалған шешім. Егер басқа да мемлекеттер осындай қадамға барса, мен шексіз қуанар едім», – деп мәлім етті Франция президенті Николя Саркази [6].

Қазақстан туралы шетелде тұрақтылық пен прогресстің сүйеніші, жаһандық дағдарыстың салдарынан табысты еңсеріп жатқан мемлекет, ұлтаралық, конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған мемлекет ретінде айтуы да сондықтан.

Келесі жылдың өзінде Қазақстан кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі, түркітілдес әлем және Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің ішінде алғашқысы болып өзінің географиялық өлшемі мен саяси мандаты бойынша бірегей Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ететін кездейсоқ емес. Мұнымен қоса мемлекеттің және барша қазақстандықтардың алдында ауқымды міндеттер тұр, оның ішінде мемлекеттің сыртқы саяси әлеуетін және халықаралық беделін күшейтуге де бағытталған жаңа технологиялардың негізінде экономиканы модернизациялау мен индустрияландыру. Қазіргі Қазақстан өз басшысының басқаруымен инновациялық болашаққа секіріс жасауға дайындалуда, онда қазіргі замандағы әлемдік үндеулерге және халықаралық стандарттарға сәйкес болу мақсатында басты назар білім беруді, ғылымды, мәдениетті және денсаулықты сақтауды дамытуға аударылатын болады.

Осы жетістіктер мен ұмтылыстарды Батыс мемлекеттері басшыларының байқамауы мүмкін емес. Сондықтан Батыс мемлекеттерінің Астананы перспективі экономикалық әріптес, күрделі әр түрлі қиын ортаазиялық аймақтағы басты саяси фактор ретінде көріп, оны талмай «айналшақтап» жүргендері де таң қалдырмайды. Еуразияның тораптық орталығы, ТМД аумағындағы едәуір қарқынды және тұрақты мемлекеттердің бірі, «Батыс пен Шығыс арасындағы өзіндік көпірге» айналған этносаралық және діни толеранттылықтың бірегей мысалы болатын Қазақстан соңғы жылдары Батыстың назарын өзіне аударып отыр. Ұлттық ресурстарын шебер пайдаланып, көпжоспарлы экономика құрып, икемді конвекторлық саясат жүргізіп отырған Қазақстан басшылығы ТМД республикаларының қолынан келмегенді жасай

алады: Шығыстағы әріптестерін жоғалтпастан, Батыстың қолдауы мен мойындауына қол жеткізе алды.

Бүгінгі таңда Қазақстан кеңестік дәуірден кейінгі Орталық Азияның көшбасшысы бола тұра, «еуропаланудың» кеңестік дәуірден кейінгі алғашқы қарлығаштарының бірі боп жүр, ол шынайы жетістіктерімен «еуропалық таңдауды» өзінің саяси кредосы етіп алған осы жолдағы көптеген мемлекеттерден асып түсті. Сонымен қатар, бұл жердегі маңызды бір жайт, Вашингтон мен Брюссель бүгінгі таңда Қазақстанды шикізат көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар, Таяу Шығыстың доктринерлік режімдерінің тәжірибесінің баламасы ислам экстремизмінің жолындағы тосқауыл, мұсылман әлемінің даму жолы және Еуразия тұрақтылығының маңызды факторы ретінде қабылдайды. Қазақстан өзін Батысқа экспансия мен обскурантизмге емес, өзара түсінушілікке, үйлесімділікке және шыдамдылыққа ұмтылатын мұсылман әлемінің авангарды ретінде көрсете білді. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Назарбаев негізін қалаған Азия елдерінің өзара іс – қимыл және ынтымақтастығы жөніндегі Кеңесті басқарып, Орталық Азияның жалаугері атанды.

Сондықтан алдағы уақытта Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі (ЕҚЫҰ) көптеген ресейлік сарапшылар білдірген пікірге сай, бұл мемлекеттің өзгеріп жатқан әлемдегі рөлін мойындауға лайықты болып шықты. Мұнымен қоса, Қазақстан мұсылман әлеміндегі өз позицияларын белсенді бекітіп отыр. 2010 жылдың қаңтар айынан бастап ЕҚЫҰ – ны басқарған Қазақстан 2011 жылдың қаңтар айынан бастап Ислам Конференциясы ұйымына төрағалық етеді, бұл мұсылман мемлекеттері жетекшілерінің Астананың рөлі мен беделін мойындауының белгісі болып табылады.

Әдебиет:

1. 30 тамызда 1995 жылдың Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Параграф» заңнаманың электрондық базасы.
2. Қазақстандағы президенттік билік: жемісті 20 жыл. - Астана, 2010.
3. Малиновский В. Глава государства суверенного Казахстана. Алматы: Әділет, 1998. - 242с.
4. «Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы» Н.Ә. Назарбаев. - Алматы Қазақ энциклопедиясы, 2010.
5. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Сост. Г.Б. Хан, Л.С. Суворов, Г.Б. Рамазанова. - Алматы, 2003.
6. Мир о Назарбаеве. Гл.ред. А. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – 288 с.